



Б А С П А С Ө З М Ә Л І М Д Е М Е С І

Алматы қ.

30 мамыр 2018 жыл

KASE акционерлердің жылдық жалпы жиналысын өткізді

2018 жылдың 30 мамырында "Қазақстан қор биржасы" АҚ (KASE, Биржа) акционерлерінің жылдық жалпы жиналысы болып өтті. Біл іс-шарада KASE 2017 жылдағы қызметінің нәтижелері жарияланды.

2017 жылы KASE 2016-2018 жылдарға Даму стратегиясын іске асыру бойынша келесі өзекті бағыттар бойынша жұмысын жалғастырады: биржалық нарықты дамыту, Биржа мен оның ққрсететін қызметтерінің клиенттерге бағдарлануын, тиімділігін және бәсекеге қабілеттілігін арттыру.

2017 жылдағы барлық қаржы құралдарының KASE сауда-саттықтары рекордтың 151,5 трлн теңгеге жетті, бұл 2016 жылдың көрсетшінінен 60,3 % артық. Барлық нарықтар оң динамиканы көрсетті: бағалы қағаздар нарығы – 3 есе (көлемі – 3,45 трлн теңге), ақша нарығы – 64 %-ға өсті (көлемі – 135,72 трлн теңге), шетел валюталарының нарығы – 17,6 %-ға (көлемі – 12,32 трлн теңге). Деривативтер нарығында жасалған мәмілелелердің көлемі 22,1 млрд теңгені құрады, ал 2016 жылы осы көрсеткіш 1,8 млн теңге болған. Акциялар нарығының капитализациясы 17 трлн теңгеге жетті, ал Биржада айналыста жүрге корпоративтік борыштың көлемі – 9,2 трлн теңгені құрады. KASE тізімдерінде 174 эмитенттің бағалы қағаздары бар, ал саудалауға қолжетімді қаржы құралдарының саны 800 жетті. KASE Индексі, 9-жылдық максимумды жаңартып, 2017 жылы 59 % өсіп, тез өсіп келе жатқан қор индекстерінің дүниежүзілік ТОП-3 кірді.

Өткен жыл барысында Биржадағы сауда-саттыққа үш жаңа қатысушы жіберілді, олар ЕАЭО өкілдері болып табылады. 2017 жылдың ақпан айынан бастап шетел валюталары нарығында Мемлекетаралық банк, қызмет етіп жатыр, ал Еуразиялық даму банкі қор нарығындағы сауда-саттықтарға рұқсаттама алды. "УНИВЕР Капитал" ААҚ 2017 жылдың сәуір айынан бастап, қор нарығына жіберілген, бірінші шетелдік брокер болды.

Биржа Bank of China limited-пен өзара түсіністік туралы меморандумға қол қойды, осы меморандумның мақсаты екі елдің қаржы нарықтарының өзара әрекеттестігін дамыту болып табылады, ал 2017 жылдың 20 ақпанынан бастап Қытай Халық Республикасының юанімен есептесуі T+1 KZT-мен (CNYKZT_TOM) сауда-саттықтары, ал 2017 жылдың 14 қыркүйегінен бастап қытай юанінің есептесуі T+2 сызбасымен KZT-мен (CNYKZT_SPT) сауда-саттығы ашылды.

2017 жылдың 01 маусымына бастап Биржа листингтің трансформациясын жүзеге асырып, соның нәтижесінде KASE ресми тізімінің құрылымыүш сауда-саттық алаңына бөлінді - "Негізгі", "Альтернативті" және "Аралас". Альтернативті сау-саттық алаңының эмитенттері үшін ақпараттар ашу бойынш талаптар тек Қазақстан Республикасының заңнамасымен талап етілген көлемде ғана белгіленіп, листингілік алымдар азайтылған.

Листингтің трансформациясы бойынша жұмыстарды жалғастыру барысында 2017 жылдың 02 қазанынан бастап KASE негізгі сауда-саттық алаңының индикаторын (KASE_BM* сериясы) – KASE_BMC таза бағалар индексі және KASE_BMY кірістілік индикаторын; сондай-ақ альтернативті сауда-саттық алаңының индикаторын (KASE_BA* сериясы) – KASE_BAC таза бағала индексі және KASE_BAY кірістілік индикаторын есептейдік.

2017 жылы валюталық нарықта тәуекел-менеджмент жүйесін модернизациялау бойынша және орталық қарсы агентті (ОҚА) іске қосу жобасын іске асыру бекітілді.

Биржа жетекші қазақстандық бизнес-инкубаторлармен өзара ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойып, жас компаниялардың қаржы тартуы үшін сауда-саттық алаңын start-up (стартап) жобаларының сауда-саттық алаңын құру бойынша жұмыстар жүргізілді.

2017 жылы Биржаның ақпараттық өнімдерінің саны 12 жетті. 6 жаңа ақпараттық өнімдер енгізілді, олардың арасында Non-display жүйесінде ақпаратты пайдалану / Туынды ақпаратты қалыптастыру, Биржа мүшелеріне ақпараттар ұсыну, IRIS Finance ақпараттық терминалы, KASE жаңалықтары және Telegram @KASEInfoBot қосымшасында ақпараттық арна.

Әлеуетті инвесторлармен және эмитенттермен жұмыс жасау шегінде Биржа өткен жылы Қазақстанның түрлі өңірлеріндегі компаниялармен 50 кеңес берушілік кездесулер өткізді. Компаниялардың жалпы базасы 1 072 компания болды, олардың 100 астам компаниясы KASE листингілік талаптарына сай, әлеуетті эмитенттер базасына енгізілді.

Сондай-ақ, KASE акциялар нарығында бөлшек инвесторлардың арасында жыл сайынғы байқауын өткізді, бұл байқау 2015 жылдан бері өткізіледі. Байқауға 1 808 адам қатысты (2016 жылы – 1 046 адам). Байқау барысында қатысушылар 12 224 мәмілелер жасасып, олардың жалпы сомасы 1,5 млрд. теңгеден асты (2016 жылы – 753 млн теңге), бұл көрсеткіш осы кезеңде KASE сауда-саттық жүйесінде жасалған, KASE Индексінің өкілетті тізіміндегі акциялармен жасалған мәмілелердің жалпы санынан 42 % құрады.

Аудит жүргізілген жоғырландырылған жылдық қаржылық есеп берушіліктің мәліметтері бойынша 2017 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша KASE Тобының активтері 10,009 млн теңгені құрап, өткен жылмен салыстырғанда 28,2 %-ға ұлғайды (2,200 млн теңгеге). Есептік жылдағы меншікті капитал 10,6 %-ға (767,1 млн теңгеге) өсіп, бөлінбеген кіріс бабында көрсетілген, алынған таза пайда есебінен 8,012 млн теңге жетті.

Биржалық топтың жиынтық кірісі есептік жылдың қорытындысы бойынша 2 522 млн теңгені құрады, бұл өткен жылдың нәтижесінен 366,8 млн теңгеге немесе 17,0 %-ға жоғары. Қызметтер мен комиссиялардан түскен кірістер 1 939 млн теңгені құрап, 432,5 млн теңгеге немесе 28,7 %-ға артты, пайыздық кірістер 95,7 млн теңге немесе 14,7 %-ға азайды. Биржаның негізгі қызметтен түскен кірістерінің құрылымында ең үлкен үлес комиссиялық алымдардың (35,5 %), листингілік алымдардың (33,7 %) және мүшелік жарналар (18,6 %) үлесінде.

2017 жылдың қорытындысы бойынша таза кірістің көлемі 792,9 млн теңгені құрады, бұл өткен жылдың осы көрсеткішінен 9,8 %-ға артық. Биржаның операциялық кірісінің ұлғаюы қызметтер мен комиссиялардан түскен кірістердің көбеюімен байланысты.

KASE акционерлерінің жалпы жиналысы Биржаның 2017 жылдағы таза пайдасын бөлмеу және оны дамуға жұмсау туралы шешім қабылдады.

Анықтама үшін

"Қазақстан қор биржасы" АҚ (KASE) Орталық-Азия өңіріндегі жетекші және өз қызметін Қазақстанның қаржылық нарығында жүзеге асыратын жалғыз қор биржасы болып табылады. Бұл репо нарығының құралдары, мемлекеттік және корпоративтік бағалы қағаздардың, халықаралық қаржы институттарының облигацияларының, сондай-ақ туынды қаржы құралдарының әмбебап сауда-саттық алаңы.

KASE Дүниежүзілік биржалар федерациясының (WFE), Еуро-Азиялық қор биржалардың федерациясының (FEAS) және басқа да халықаралық отандық кәсіби бірлестіктердің мүшесі болып табылады.

2015 жылы KASE БҰҰ "Тұрақты қор биржалары" Бастамасына қосылды. KASE ТМД елдері арасында бағалы қағаздар сауда-саттығының көлемі бойынша екінші орында, ал FEAS биржаларының акциялар нарықтарының капитализациясы бойынша алтыншы орында.

Қосымша ақпарат: +7 (727) 237 5342, pr@kase.kz